

"Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ Фитосанитариялық есепке алу нысандарын табыс ету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1394 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 1 маусымдағы № 566 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1108 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ Фитосанитариялық есепке алу нысандарын табыс ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қарашадағы № 1394 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 4, 79-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген фитосанитариялық нормативтерде:
«1. Пестицидтер (улы химикаттар) запасының фитосанитариялық нормативтері» деген бөлімде:

«Болжанған алқаптың запасы пайызы» деген бағанның тақырыбы «, дейін» деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:
«Колорадо картоп қоңызы 30»;

«3. Аса қауіпті зиянды организмдер бойынша фитосанитариялық нормативтер» деген бөлімде:

мына:

«Өрмекші кене	жұмыртқа, дернәсілдер, имаго	мақта	шанақтанудың басы-пісудің басы	танапта өсімдіктердің залалдануы 10 % артық, бір жапыраққа 1,5 кене (100 жапы 150 дарак)»
---------------	------------------------------	-------	--------------------------------	---

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Мақтадағы өрмекші кене	жұмыртқа, дернәсілдер, имаго	мақта	шанақтанудың басы-пісудің басы	танапта өсімдіктердің залалдануы 10 артық, бір жапыраққа 1,5 кене жапыраққа 150 дарак)
Соядағы өрмекші кене	жұмыртқа, дернәсілдер, имаго	соя	өсу кезеңі	өсімдіктердің кенемен залалдануы дан жоғары, оның саны 1 жапырақ дарактан артық»;

мына:

«Мақта көбелегі	жұмыртқа, жұлдызқұрт	мақта	шанақтанудың басы-пісудің басы	100 өсімдікке 8-12 жұмыртқа жұлдызқұрт»;
-----------------	----------------------	-------	--------------------------------	--

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Мақтадағы мақта көбелегі	жұмыртқа, жұлдызқұрт	мақта	шанақтанудың басы-пісудің басы	100 өсімдікке 8-12 жұмыртқа жұлдызқұрт
Жүгерідегі мақта көбелегі	көбелек, жұлдызқұрт	жүгері	өсу кезеңі	бір торға тәулігіне 8-10 көбелек, зиянкестің егістіктегі санының көптігіне сәйкес»;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Колорадо картоп қоңызы	қоңыздар	картоп	өсімдіктің өсу кезеңіндегі биіктігі 15-25 см дейін	картоп түптерінің 0,5-2 %-ына қоныста
	қыстап шыққан қоңыздар мен дернәсілдер	картоп	шанақтану кезеңі – гүлдену	түптердің 5-8 %-на қоныстанған, 1 өсім 20 дернәсілден келеді».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
С. Ахметов*